**2023 жылы «БЖЗҚ» АҚ-да сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша өткізілген іс-шаралар бойынша есеп**

| № р/р | Іс-шара атауы | Аяқтау нысаны | Орындау мерзімі | Жауапты тұлғалар | Орындалды |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптық мониторинг жүргізу | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптық мониторинг жүргізу нәтижесі | Тоқсан сайын | СҚКБ | *«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚРЗ (бұдан әрі – Заң) және Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 2020 жылғы 28 қаңтардағы № 22 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу қағидасына* сәйкес «БЖЗҚ» АҚ 2023 жылы тоқсан сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптық мониторинг жүргізді, оның қорытындысы бойынша нәтижелер/сараптамалық есептер «Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Алматы қаласы бойынша департаменті» РММ-ге 15.02.2023 ж. шығыс №№23-07/408, 14.04.2023 ж. 23-07/1125, 13.07.2023 ж. 23-07/2103, 18.10.2023 ж. 23-07/5480 хаттармен жіберілді.<br>Нәтижелерге/сараптамалық есептерге сай БЖЗҚ қызметінде жоғары сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудыратын негізгі факторлар табылған жоқ. |
| 2 | «БЖЗҚ» АҚ құрылымдық бөлімшелері мен филиалдарының сыбайлас | Сараптамалық анықтама | Жыл ішінде 4 тоқсаннан кешіктірмей | СҚКБ Сараптамалық анықтамаға қол қоятын | «БЖЗҚ» АҚ-ның Заңның 8-бабының 5-тармағын, *Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жемқорлық тәуекелдеріне ішкі сараптау жүргізу | | | лауазымды тұлға | *қарсы қызмет) төрағасының 19.10.2016 ж. №12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі сараптау жүргізудің үлгілік қағидасын (бұдан әрі – Үлгілік қағида)* орындауы мақсатында «БЖЗҚ» АҚ Басқарма Төрағасы 15.02.2023 ж. №168 «2022 жыл үшін «БЖЗҚ» АҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс басқармасының «БЖЗҚ» АҚ-дағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі сараптау жүргізуі туралы» бұйрыққа қол қойды, онда 2023 жылға «БЖЗҚ» АҚ орталық аппараттың құрылымдық бөлімшелері мен филиалдары қызметінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі сараптау (бұдан әрі – СТІС) жүргізу кестесі көзделген. Оған сәйкес 2023 жылы «БЖЗҚ» АҚ-да 2022 жылғы «БЖЗҚ» АҚ барлық бөлімшелері мен филиалдарының қызметіне СТІС жүргізілді.<br>СТІС қорытындысы бойынша Үлгілік қағидасының талаптарын басшылыққа ала отырып:<br>- «БЖЗҚ» АҚ Басқарма Төрағасы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін көрсетуді және оларды жою бойынша ұсынымдарды көздейтін 2022 жылғы «БЖЗҚ» АҚ бөлімшелерінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі сараптау нәтижесі туралы №№1-4 сараптамалық анықтамаларға (31.03.2023 ж., 27.06.2023 ж., 02.10.2023 ж., 12.12.2023 ж.) қол қойды; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | - 2022 жылғы «БЖЗҚ» АҚ бөлімшелерінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі сараптау нәтижесі бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға әсер ететін себептер мен жағдайларды жою бойынша іс-шаралар жоспарларын бекіту туралы бұйрықтар қабылданды (№1-4 сараптамалық анықтамалар) (11.04.2023 ж. №324, 03.07.2023 ж. №465, 04.10.2023 ж. №557, 15.12.2023 ж. №608);<br>- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс басқармасы 21.07.2023 ж. және 24.10.2023 ж. жағдай бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі сараптау қорытындысы бойынша берілген ұсынымдардың орындалуына мониторинг жүргізді. |
| 3 | «БЖЗҚ» АҚ қызметкерлерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша оқыту | Қашықтан электрондық оқыту | Жылына 1 рет | СҚКБ<br>ҚБД | 03.03.2023ж. «Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасындағы өзгерістер» тақырыбында «БЖЗҚ» АҚ басшылығының қатысуымен өңірлік бөлімшелердің басшыларымен бейне-конференц-байланыс (Cisco Webex) арқылы семинар-жиналыс нысанында оқыту жүргізілді және Заңның 13-бабы «Мемлекеттік функцияларды орындаумен үйлеспейтін қызметке» қатысты анықтамалық ақпарат дайындалды.<br>04.04.2023 ж. бастап 31.05.2023 ж. дейінгі кезеңде «БЖЗҚ» АҚ «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы Қазақстан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Республикасының заңнамасы және ІНҚ» тақырыбында қызметкерлерді қашықтан оқытуды ұйымдастырды және өткізді.<br>19.06.2023 ж. «БЖЗҚ» АҚ филиалдарының дербес бөлімшелерінің басшыларына арналған дөңгелек үстелде бейне-конференц-байланыс (Cisco Webex) арқылы «БЖЗҚ» АҚ-дағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс бойынша жаңалықтар» тақырыбында оқыту өткізілді, онда сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсқа қатысты ішкі нормативтік құжаттарға өзгерістер қаралды.<br>06.10.2023 ж. сеніп тапсырылған бөлімшелердің қызметкерлерін әрі қарай ҚР Қылмыстық кодексінің 247-бабымен және сыбайлас жемқорлық жағдайларындағы мінез-құлық қағидасымен таныстыру мақсатында «БЖЗҚ» АҚ филиалдарының операциялық бөлімдерінің, барып қызмет көрсету бөлімдерінің, бақылау бөлімдерінің бастықтарымен онлайн форматта «Заңсыз сыйақы алу» тақырыбында оқыту жүргізілді. |
| 4 | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша қызмет туралы «БЖЗҚ» АҚ интернет-ресурсының арнайы бөлімінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету | «БЖЗҚ» АҚ интернет-ресурсындағы бөлім | Тұрақты | СҚКБ ЖБД | «БЖЗҚ» АҚ интернет-ресурсында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл»/ «Противодействие коррупции» арнайы бөлімінің жұмыс істеуі тұрақты қамтамасыз етіледі.<br>2023 жылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы ҚР заңнамасының талаптарын сақтау мақсатында интернет-ресурсқа төмендегілер дереу орналастырылды: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | - сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін көрсетуді және оларды жою бойынша ұсынымдарды көздейтін 2022 жылғы «БЖЗҚ» АҚ бөлімшелерінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі сараптау нәтижесі туралы №№1-4 сараптамалық анықтамалар;<br>- 2022 жылғы «БЖЗҚ» АҚ бөлімшелерінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі сараптау нәтижесі бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға әсер ететін себептер мен жағдайларды жою бойынша іс-шаралар жоспарлары (№№1-4 сараптамалық анықтамалар);<br>- СТІС қорытындысы бойынша берілген ұсынымдардың орындалуы туралы ақпарат;<br>- жаңартылған «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты, «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты, «БЖЗҚ» АҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар;<br>- 2022 жылы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша өткізілген іс-шаралар бойынша есеп. |
| 5 | «БЖЗҚ» АҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартын «БЖЗҚ» АҚ | Қызметтік жазба | Тоқсан сайын | СҚКБ | Қызметкерлердің 2023 жылы «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының сыбайлас |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қызметкерлерінің орындауына мониторинг жүргізу | | | | жемқорлыққа қарсы стандартың орындамау жағдайлары анықталған жоқ. |
| 6 | Кандидаттардың / мемлекеттік функцияларды орындауға өкілеттік берілген тұлғаларға теңестірілген тұлғалардың активтер мен міндеттемелер, табыс және мүлік туралы декларациялар ұсынуына мониторинг жүргізу | Қызметтік жазба | Тоқсан сайын | СҚКБ Мемлекеттік функцияларды орындауға өкілеттік берілген тұлғаларға теңестірілген тұлғалар | ҚР Салық кодексінің 632-ші және 635-баптарына және Заңның 11-бабына сәйкес төмендегілер уақытылы ұсынылды:<br>- активтер мен міндеттемелер туралы декларациялар – мемлекеттік функцияларға теңестірілген функцияларды орындауға байланысты лауазымға кандидаттар болып табылатын тұлғалар және олардың жұбайлары;<br>- табыс және мүлік туралы декларациялар – «БЖЗҚ» АҚ-да мемлекеттік функцияларды орындауға өкілеттік берілген тұлғаларға теңестірілген тұлғалар. |
| 7 | Мемлекеттік функцияларды орындауға өкілеттік берілген тұлғаларға теңестірілген тұлғалардың Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдауын тіркеу | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдауға келісім | Жұмысқа қабылдау, лауазымға тағайындау кезінде | ҚБД Мемлекеттік функцияларды орындауға өкілеттік берілген тұлғаларға теңестірілген тұлғалар | «БЖЗҚ» АҚ-да мемлекеттік функцияларды орындауға өкілеттік берілген тұлғаларға теңестірілген тұлғалар 2023 жылы Заңның 12-бабында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдау туралы келісімге қол қойып, «БЖЗҚ» АҚ-ға ұсынды, олар аталған қызметкерлердің жеке істерінде сақталады. |
| 8 | Мүдделер дауының алдын алу және реттеу бойынша шаралар қолдану | «БЖЗҚ» АҚ органының қызметтік жазбасы/бұйрығы/шешімі | Қажет болған жағдайда | Лауазымды тұлғалар Қызметкерлер | 2023 жылы «БЖЗҚ» АҚ-да мемлекеттік функцияларды орындауға өкілеттік берілген тұлғаларға теңестірілген тұлғалардың мүдделер дауының деректері анықталған жоқ. |
| 9 | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу туралы өтініштерді, | Жауап хат / хабарлама | Қазақстан Республикасының заңнамасымен | Лауазымды тұлғалар СҚКБ | 2023 жылы деректемелері «БЖЗҚ» АҚ интернет-ресурсында деректемелері орналастырылған байланыс арналары мен құралдарына «БЖЗҚ» АҚ |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | хабарламаларды қабылдау және қарау | | және «БЖЗҚ» АҚ ішкі нормативтік құжаттарымен көзделген мерзімдерге сай | | лауазымды тұлғалары, қызметкерлері жасаған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарламалар түскен жоқ.<br>«БЖЗҚ» АҚ-да сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің іске асу деректері анықталған жоқ, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасау жағдайлары, «БЖЗҚ» АҚ лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерін қылмыстық немесе әкімшілік жауапкершілікке тарту, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық деректері бойынша олардың қатысуымен сот талқылауларын жүргізу жағдайлары жоқ. |

Аббревиатуралар:
ЖБД – Жұртшылықпен байланыс департаменті
ҚБД – Қызметкерлерді басқару департаменті
СҚКБ – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс басқармасы

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс басқармасы А. Жукенова